



КАЗАХСТАНСКАЯ
АССОЦИАЦИЯ
ЭНДОСКОПИЧЕСКИХ
ХИРУРГОВ КАЗАХ



Ақпараттық хат

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Шымкент қаласы мен Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп, 2022 жылғы 22-23 қыркүйекте Эндохирургиялық марафон шеңберінде «Хирургия, урология, гинекологиядағы лапароскопияның заманауи аспектілері. «4K ICG форматындағы Визуализация ENDOSURGERY.PRO ROADSHOW SILK WAY» гибриді форматта (өңірлердің дәрігерлері үшін офлайн, Қазақстанның басқа өңірлерінің аудиториялары үшін, сондай-ақ барлық ниет білдірушілер үшін онлайн), конференция аясында эндохирургия мектебі, тәжірибелік мастер-класс өтеді. Бұл Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінің хирург, уролог, гинеколог, онколог дәрігерлері үшін маңызды ғылыми және оқыту іс-шара.

Конференция жұмысында хирургия, гинекология және урология, онкология, колоректальды және балалар хирургиясы, сондай-ақ асқазан-ішек жолы ауруларын диагностикалау мен емдеудегі лапароскопияның заманауи мүмкіндіктері қамтылады.

Конференцияның негізгі тақырыптары:

- Хирургия, урология және гинекологиядағы лапароскопия;
- Колоректальды хирургия;
- Онкологиядағы лапароскопия;
- Балалар хирургиясы;
- АІЖ капсулалық эндоскопиясы.

Конференция заманауи университеттік клиника жобасын дайындау шеңберінде ұйымдастырылады, емдеу практикасында жоғары эндоскопиялық технологияларды қолданудың және оларды оқу процесінде одан әрі пайдаланудың өзекті мәселелеріне арналады.

Шымкенттің бірнеше операциялық жетекші клиникаларынан Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының конференц-залы мен оқу бөлмелеріне, сондай-ақ интернет-кеңістікке endosurgery.pro сайтында онлайн-трансляция жасау мүмкіндіктері ұсынылады.

Қазақстан мен Ресейдің жетекші сарапшылары өңір мамандарымен бірлесіп, жоғары деңгейдегі сараптамалық хирургияны талап ететін бірқатар күрделі операцияларды жүргізеді. HD 4K ICG форматындағы аз инвазивті эндохирургиялық отаны жоғары дәрежелі визуализациялау хирургтарға бір жағынан қайталанатын, метастаздалған ісіктерді бейнелеуге және хирургиялық араласудың көлемі мен толықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, пациент үшін ағзаны сақтап қалатын хирургияны мейлінше қауіпсіз орындауға жол береді. Эндохирургиялық операциялар органдар мен тіндерді визуализациялаудың жоғары деңгейі мен кеңейтуші әсерінің есебінен тамырлар мен нервтердің бөлінуімен тіндердің аса жұқа диссекциясын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде хирургияда қауіпсіздік үшін жағдай жасайды және электрохирургия тарапынан төмен зақымдаушы әсерді және оларға механикалық әсерді қамтамасыз етеді, яғни хирургия жұқа тіндік деңгейде жүреді.



КАЗАХСТАНСКАЯ
АССОЦИАЦИЯ
ЭНДОСКОПИЧЕСКИХ
ХИРУРГОВ КАЗАХ



Қатысу үшін ENDOSURGERY.PRO сайтсына тіркелу қажет

Тезисті ресімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндамалардың қолжазбалары MS Word форматында орындалады.

Көлемі 2 бетке дейін.

Жиектері: жоғарғы 2 см, төменгі 2 см, сол жақ 3 см, оң жақ 1,5 см. төменгі колонтитулға дейін 0 см.

Жоларалық интервал 1.

Қаріп-Times New Roman, 12 кегл.

Абзац – әрбір абзацтың бірінші жолының шегінісі 10 мм (негізгі мәтін үшін), теңестіру-ені бойынша. Ортасында тураланған мәтін үшін шегініс жоқ.

Беттегі мәтіннің орналасуы:

Баяндаманың атауы, ортасында туралау.

Автордың(лардың) тегі (лары) мен инициалдары, курсы мен факультеті, қаласы, елі, автордың e-mail мекен-жайы.

Ғылыми жетекшінің аты-жөні, атағы, лауазымы, қаласы, елі, e-mail мекен-жайы (бар болса).

Әдебиеттер тізімі, Times New Roman шрифті, 12 кегл. Баяндама мәтіні бойынша дереккөзге сілтеме шаршы жақшадағы сан ретінде ресімделеді [1], [2], [3].

Файлдың аты бірінші автордың тегі бойынша анықталады: тегі.doc.

Конференциядағы ауызша баяндамаларға талаптар:

Баяндама презентация көрсетілуімен қатар жүру керек (PowerPoint 2003-2010).

Ауызша баяндаманың ұзақтығы 7 минуттан, талқылау – 3 минуттан аспау керек.

Техникалық құралдардан Сізге мультимедиялық проектор және ноутбук беріледі.

Ноутбуктардың әр түрлі бағдарламалық қамтамасыздығына байланысты, өз презентацияларыңызды екі кеңейтілімде сақтауларыңызды сұранамыз .ppt и .pptx.

Презентацияға талаптар: презентация жалпыға бірдей талаптар бойынша жасалуы керек.

Бірінші слайдта: ЖОО атауы, ары қарай – кафедраның атауы, жұмыс орының атауы; баяндамашының толық аты-жөні; ғылыми жетекшінің аты-жөні, қала, мемлекет.

Тезистер қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

Басылымға арналған материалдарды **2021 жылдың 20 қыркүйекке** дейін жіберу керек.

Материалдарды басып шығару ақысыз.

Конференция материалдары «ОҚМА хабаршысы» ғылыми журналында жарияланады.

Конференция ұйымдастырушылары:

- Түркістан облысының Денсаулық сақтау басқармасы;
- Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасы;
- Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы;
- Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті;
- Қазақстандық эндоскопиялық хирургтар қауымдастығы ҚЭХҚ;
- Қазақстан гинеколог-эндоскопистері ҚБ.



**ENDO
SURGERY
.PRO**



КАЗАХСТАНСКАЯ
АССОЦИАЦИЯ
ЭНДОСКОПИЧЕСКИХ
ХИРУРГОВ КАЗАХ

STORZ
KARL STORZ — ENDOSKOPE

Компаниялардың қолдауымен:

- «КАРЛ ШТОРЦ ЭНДОСКОПИ Казахстан» ЖШС;
- MedicusM.

Барлық сұрақтар бойынша ұйымдастыру комитетіне хабарласуыңызды сұраймыз:

Жаксылык Алихан Алтынханович,

тел: 8-778-500-00-18, e-mail: otdel_nauki.ukgfa@mail.ru

Сұлтанов Қасымхан Уалиханұлы

+7 775 627 0793

Конференцияның Ұйымдастыру комитеті қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін тезистерді мақалаларды қарауға қабылдамауға құқылы.

Иссапар шығыстарын жіберуші Тарап төлейді.